



Hillrom™

Welch Allyn® ProBP™ 2000 Digital Blood Pressure Device



Пайдалану нұсқаулары

А01 бағдарламалық жасақтамасы

© 2022 Welch Allyn. Барлық құқықтар қорғалған. Осы жарияланымда сипатталған өнімді мақсатты пайдалануға қолдау көрсету үшін өнімді сатып алушыға тек ішкі тарату үшін Welch Allyn компаниясы берген тасығыштан осы басылымды көшіруге рұқсат беріледі. Осы жарияланымды немесе оның кез келген бөлігін Welch Allyn компаниясының жазбаша рұқсатынсыз басқаша пайдалануға, қайта шығаруға немесе таратуға рұқсат етілмейді.

Заңды мәлімдеме. Welch Allyn, Inc. ("Welch Allyn") корпорациясы нұсқаулар, сақтандырулар, ескертулер немесе осы нұсқаулықта жарияланған мақсатты пайдалану туралы мәлімдемеге сәйкес немесе (ii) өнімді кез келген заңды немесе тиісті түрде пайдаланбау нәтижесінде қандай да бір тұлға алған жарақат үшін жауапты болмайды. Welch Allyn — Welch Allyn компаниясының тіркелген тауар белгісі.

SureBP технологиясы және Welch Allyn FlexiPort құралы — Welch Allyn компаниясының тіркелген сауда белгілері.

Bluetooth® сөз белгісі және логотиптер — BluetoothSIG, Inc. корпорациясына тиесілі тіркелген сауда белгілері және осы белгілерді пайдалану Welch Allyn компаниясының лицензиясы бойынша жүргізіледі.

Осы өнімдегі бағдарламалық жасақтама — © 2022 Welch Allyn компаниясы және оның жеткізушілері. Барлық құқықтар қорғалған. Бағдарламалық жасақтама Америка Құрама Штаттарының авторлық құқық туралы заңдарымен және бүкіл әлемде қолданылатын халықаралық келісім ережелерімен қорғалған. Сондай заңдар бойынша лицензия алушы осы құралға енгізілген бағдарламалық жасақтаманың көшірмесін кіріктірілген өнім жұмысында мақсаты бойынша пайдалануға құқылы. Бағдарламалық жасақтаманы көшіруге, қайта құрастыруға, оған қайта жобалау процесін жүргізуге, бөлшектеуге немесе басқаша жолмен адамның қабылдауы үшін қолайлы түрге дейін жеңілдетуге болмайды. Бұл бағдарламалық жасақтаманың немесе оның көшірмесінің сатылымы емес; барлық құқық, иелену құқығы және меншік құқығы Welch Allyn компаниясында немесе оның жеткізушілерінде қалады.

ПАТЕНТТЕР / ПАТЕНТ hillrom.com/patents.

Бір немесе бірнеше патенттермен қорғалған болуы мүмкін. Жоғарыдағы интернеттегі мекенжайды қараңыз. Hill-Rom компаниялары — еуропалық, америкалық, басқа патенттердің және қаралып жатқан патентке өтінімдердің иелері.

Кез келген өнім туралы ақпарат алу үшін Hillrom техникалық қолдау қызметіне хабарласыңыз: hillrom.com/en-us/about-us/locations/.

REF 80029332 В ұсқасы А
Өзгертілді: 2022-12

Осы нұсқаулық **#** 901123 қан қысымын өлшеуге арналған сандық құрылғыға қатысты болып табылады.

Welch Allyn, Inc. компаниясымен таратылады
4341 State Street Road
Skaneateles Falls, NY 13153 АҚШ
Welch Allyn, Inc. компаниясы — Hill-Rom Holdings, Inc.
корпорациясының еншілес компаниясы.

hillrom.com



Guangdong Transtek Medical Electronics Co., Ltd.
№ 105 Dongli Road
Torch Development District
Zhongshan, 528437, Guangdong, Қытай
Қытайда жасалған

EC **REP**

Еуропа қоғамдастығындағы уәкілетті өкіл
MDSS -Медициналық құрылғының қауіпсіздік қызметі GmbH
Schiffgraben 41, 30175
Hannover, Германия

Қазақстандағы уәкілетті өкіл
ТОО «Orthodox Фарм»
Ұлы Дала даңғылы 7/4, 136 пәтер, Нұр-Сұлтан 010000,
Қазақстан

Қазақстандағы уәкілетті өкіл
ТОО «Orthodox Фарм»
Ұлы Дала даңғылы 7/4, 136 пәтер, Нұр-Сұлтан 010000,
Қазақстан



Мазмұны

Кіріспе	1
Мақсатты пайдалану/Пайдалану бойынша көрсетімдер	1
Қарсы көрсетімдер	1
Таңбалар	1
Ескертулер мен сақтандырулар туралы ақпарат	5
Құрамы	7
Басқару блоктары мен индикаторлар	8
Қуаттау нұсқалары	9
Экран элементтері	10
Батареяларды салу немесе ауыстыру	11
Емделушіге қан қысымын өлшеуге арналған манжетті орналастыру	12
Техникалық қызмет көрсету	13
Құрылғыға техникалық қызмет көрсету	13
Ақауларды жою	14
Техникалық сипаттамалары	17
Түрлендіргіш дәлдігінің сынағы	19
Сәйкес стандарттардың тізімі	21
Радиобайланыс талаптарына жалпы сәйкестік	23
Байланыс бойынша федералды комиссияның (FCC) кедергілер туралы мәлімдемесі ..	23
FCC сәулелену әсері туралы мәлімдеме	24
Канаданың өнеркәсіп министрлігінің (IC) талаптарына сәйкестік	24
Еуропалық Одақ	25
Халықаралық радиобайланыс талаптарына сәйкестік	26
Кепілдік	29
Мақұлданған керек-жарақтар	31
ЭМҮ жөніндегі нұсқаулық және өндіруші декларациялары	33
Электрмагниттік үйлесімділік жөніндегі нұсқаулық	33
Сәулелену мен тұрақтылық туралы ақпарат	34

Кіріспе

Құрылғымен алынған көрсеткіштер дайындықтан өткен бақылаушы манжет пен стетоскопты тыңдау әдісі көмегімен алған көрсеткіштерге тең.

Бұл пайдалану нұсқауларында қауіпсіздік пен күтім туралы маңызды ақпарат, сондай-ақ құрылғыны пайдалану жөніндегі қадамдық нұсқаулар қамтылған. Құрылғыны пайдалану алдында нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

Мақсатты пайдалану/Пайдалану бойынша көрсетімдер

Welch Allyn® ProBP 2000™ қан қысымын өлшеуге арналған құрылғысы қан қысымын және иық айналымы 15-55 см аралығындағы (шамамен 5,9-21,7 дюйм аралығында) кемінде 3 жастағы немесе одан үлкен емдеушілердің жүрек соғысының жиілігін өлшеу кезінде пайдалануға арналған.

Welch Allyn ProBP 2000 құрылғысы систолалық және диастолалық қан қысымын және тамырдың соғуын автоматты түрде өлшейді. Құрылғы дәрігерлердің және білікті медицина қызметкерлерінің пайдалануына арналған.

Қарсы көрсетімдер

Бұл құрылғы жаңа туған нәрестелерге, сәбилерге немесе 3 жастан кіші балаларға пайдалануға арналмаған. Бұл құрылғының тиімділігі аяғы ауыр, сондай-ақ эклампсия алдындағы күйдегі емделушілерде анықталмады.

Таңбалар

Осы таңбалардың пайда болуы туралы ақпаратты Welch Allyn таңбалар глоссарийінен мына мекенжай бойынша қараңыз: welchallyn.com/symbolsglossary.

Құжаттама таңбалары



Ескерту: осы нұсқаулықтағы ескертетін мәлімдемелер ауруға, жарақат алуға немесе өлімге әкелетін шарттарды және әдістерді көрсетеді.



Сақтандыру: осы нұсқаулықтағы сақтандыру жөніндегі мәлімдемелер жабдыққа немесе басқа меншікке зақым келтіруге немесе деректердің жоғалуына әкелетін шарттар мен әдістерді көрсетеді.



Пайдалану бойынша нұсқауларды орындаңыз (IFU) – міндетті әрекет. Пайдалану нұсқаулығының көшірмесі осы сайтта қолжетімді. Пайдалану нұсқаулығының басып шығарылған көшірмесін Welch Allyn компаниясынан 7 күнтізбелік ішінде жеткізу арқылы тапсырыс беруге болады.

Қуат таңбалары



Тұрақты ток



Қуат

Тасымалдау, сақтау және қоршаған орта таңбалары



Ылғалдылық бойынша шектеу



Электрлік және электрондық жабдықты бөлек жинау. Сұрыпталмаған тұрмыстық қалдық ретінде қәдеге жаратпаңыз.



Температура шегі



Ауа қысымы шектеуі








Қайта өңдеуге жарамды














Саны бойынша қаттау шектеуі

Манжет таңбалары

 ARTERY	Артерия маркері
	Ауқымы
INDEX 	Артерия көрсеткішінің маркері
	Аяқ-қол айналымы (минималды/максималды)
LOT	Топтама коды
	Табиғи каучук латексін пайдалану арқылы жасалмаған

Басқа таңбалар

EC REP	Еуропа қоғамдастығындағы уәкілетті өкіл
	Өндіруші
	Дайындалған күні
	BF қолданылатын бөлшек түрі
SN	Сериялық нөмірі
REF	Қайта тапсырыс беру нөмірі

	Топтама коды
	Өнім идентификаторы
	Иондаушы емес электромагниттік сәулелену
	Австралияның байланыс және бұқаралық ақпарат құралдары бойынша басқармасының (АСМА) радиобайланысқа сәйкестік белгісі (RCM)
	Тауар данасының дүниежүзілік сәйкестендіру нөмірі
	II класты жабдық
IP22	Кіруден қорғау: құрылғы 12,5 мм көлемдегі және одан үлкен қатты, бөгде заттардан және ҚОРҒАНЫС КОРПУСЫ 15°-қа иілген кезде, тігінен ағатын су тамшыларынан қорғалған.
Rx ONLY	Тек рецепт бойынша немесе "лицензияланған медицина қызметкерінің немесе оның бұйрығымен пайдалануға арналған"
	Өнімде кейбір қауіпті заттар болуы мүмкін.
	Bluetooth құралы
	Ескертпе Үлгіде осы мүмкіндіктердің барлығы болмауы мүмкін.

Ескертулер мен сақтандырулар туралы ақпарат

Ескертулер мен сақтандырулар Welch Allyn ProBP 2000 қан қысымын өлшеуге арналған сандық құрылғысында, қаптамада, тасымалдау контейнерінде немесе осы *пайдалану нұсқауларында* кездесуі мүмкін.

Ескертулер мен сақтандырулар



ЕСКЕРТУ Емделушінің жарақат алу қаупі бар. Құрылғы жаңа туған нәрестелердің немесе балалардың қан қысымын өлшеуге жарамайды.



ЕСКЕРТУ Емделушінің жарақат алу қаупі бар. Жүкті әйелдерге немесе презклампсияға шалдыққан емделушілерге арналған құрылғыны пайдалану туралы шешімді жабдықты пайдаланатын дайындықтан өткен дәрігер қарап, қабылдайды.



ЕСКЕРТУ Жарақат алу қаупі бар. Батареяларды өртеуге болмайды. Батареялар ағып кетуі немесе жарылуы мүмкін.



ЕСКЕРТУ Емделушінің жарақат алу қаупі бар. Емделуші өлшеу кезінде ыңғайсыздық сезінсе, мысалы, қолдың ауыруы немесе басқа шағымдар болса, манжеттен ауаны шығару үшін дереу қуат түймесін басыңыз. Манжетті емделуші қолынан босатып, алып тастаңыз.



ЕСКЕРТУ Емделушінің жарақат алу қаупі бар. Өлшеу кезінде манжеттің толығымен жел берілген түрінде қалуына әкелетін ақаудың сирек кездесетін жағдайларында манжетті дереу ашыңыз. Қолға ұзақ әсер ететін жоғары қысым (3 минуттан астам уақыт ішінде манжеттегі қысым > 300 мм сын. бағ. немесе тұрақты қысым > 15 мм сын. бағ.) терінің көгеруіне және түссізденуіне әкелуі мүмкін.



ЕСКЕРТУ Емделушінің жарақат алу қаупі бар. Бұл құрылғы төтенше медициналық жағдайлар немесе операциялар кезінде үздіксіз бақылауға жарамайды.



ЕСКЕРТУ Емделушінің жарақат алу қаупі бар. Қан қысымын тым жиі өлшеу қан айналымын бұзып, жарақат алуға әкелуі мүмкін.



ЕСКЕРТУ Емделушінің жарақат алу қаупі бар. Мастэктомия жақтағы қолға манжетті кигізбеңіз. Қажет болса, өлшем алу үшін сан артериясын пайдаланыңыз.



ЕСКЕРТУ Емделушінің жарақат алу қаупі бар. Пайдалану кезінде байланыстырушы түтікті майыстырмаңыз. Манжет қысымы үнемі өсіп отыруы мүмкін, бұл қан ағынына кедергі келтіріп, жарақат алуға әкелуі мүмкін.



ЕСКЕРТУ Емделушінің жарақат алу қаупі бар. Манжетті емделуші терісінің сезімтал немесе зақымдалған жерлеріне қолданбаңыз. Манжет орнында тітіркенулердің бар-жоғына жиі тексеріп отырыңыз.



ЕСКЕРТУ Емделушінің жарақат алу қаупі бар. Емделушінің полиэстерге немесе синтетикалық материалдарға аллергиясы болса, құрылғыны пайдаланбаңыз.



ЕСКЕРТУ Емделушінің жарақат алу қаупі бар. Ауа түтігін басқа медициналық жабдыққа жалғамаңыз. Бұл ауаның тамырішілік жүйелерге айдалуын немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін жоғары қысымды тудыруы мүмкін.



ЕСКЕРТУ Емделушінің жарақат алу қаупі бар. Құрылғы жоғары жиілікті (ЖЖ) хирургиялық жабдықпен пайдалануға арналмаған және емделушіні қауіптен қорғамайды.



ЕСКЕРТУ Қате өлшем қаупі бар. Манжетті дұрыс қан айналымын бұзатын аймаққа кигізбеңіз. Манжетті қан айналымы бұзылған аймаққа немесе күре тамырға құю үшін пайдаланылатын аяққа немесе қолға кигізбеңіз. SpO2 саусақ қысқышының датчигі мен қан қысымын өлшеуге арналған манжетті бір уақытта бірдей аяқ-қолда пайдаланбаңыз. Бұл көрсеткіштің болмауына немесе қате SpO2 мәніне не ағынның қайтып келуіне дейінгі жүрек соғысының жиілігіне әжелетін тамырлық ағынның уақытша жоғалуына әжелуі мүмкін.



ЕСКЕРТУ Қате өлшем қаупі бар. Құрылғыны жасанды қанайналым аппараттарындағы емделушілерге пайдаланбаңыз.



ЕСКЕРТУ Қате өлшем қаупі бар. Құрылғыны сіңірлері тартылған немесе қалтыраған емделушілерге пайдаланбаңыз.



ЕСКЕРТУ Жарақат алу қаупі бар. Батареялар/адаптер шығысын және пайдаланушыны бір уақытта ұстамаңыз.



ЕСКЕРТУ Жарақат алу қаупі бар. Түтіктің шамадан тыс ұзындығы, оны дұрыс басқармасаңыз, тұншығуға әжелуі мүмкін.



ЕСКЕРТУ Жарақат алу қаупі бар. Керек-жарақтарды, алынбалы бөлшектерді және құрылғыны жергілікті нұсқауларға сәйкес қоқысқа тастаңыз.



ЕСКЕРТУ Жарақат алу қаупі бар. Құрылғыны пайдалану кезінде техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізбеңіз немесе орындамаңыз.



ЕСКЕРТУ Жарақат алу қаупі бар. Тек өндіруші мақұлдаған керек-жарақтарды пайдаланыңыз. Мақұлданбаған керек-жарақтарды пайдалану құрылғының зақымдалуына және пайдаланушылардың жарақаттануына әжелуі мүмкін.



ЕСКЕРТУ Жарақат алу қаупі бар. Бұл жабдықты өзгертуге болмайды. Жабдықты өзгерту құрылғыны зақымдауы немесе пайдаланушыға қауіп төндіруі мүмкін.



ЕСКЕРТУ Қуат сымы осы жабдықты қуат беруші желіден оқшаулауға арналған ажыратқыш құрылғы болып саналады. Жабдықты оған қол жеткізу немесе оны ажырату қиын болатындай етіп орналастырмаңыз.



ЕСКЕРТУ Құрылғы емделушіні тасымалдау кезінде пайдалануға арналмаған.



САҚ БОЛЫҢЫЗ Бұл құрылғы инвазивті емес өлшеуге және күретамырлық қысымды бақылауға арналған. Ол қолдан басқа дене мүшелерінде немесе қан қысымын өлшеуден басқа мақсаттарда пайдалануға арналмаған.



САҚ БОЛЫҢЫЗ Америка Құрама Штаттарының федералды заңы бойынша, бұл құрылғыны тек дәрігердің немесе лицензияланған медициналық маманның сатып алуына, таратуына, пайдалануына немесе тапсырыс беруіне болады.



САҚ БОЛЫҢЫЗ Манжетті басқа басқару құрылғысы қолданылған қолға орамаңыз. Оларды бір уақытта бір қолда пайдалансаңыз, бір немесе екі құрылғы да уақытша жұмысын тоқтатуы мүмкін.



САҚ БОЛЫҢЫЗ Өлшем қателерін болдырмас үшін күшті электромагниттік өріс шығаратын кедергі сигналына немесе электрлік жылдам ауыспалы үдеріс/жарқыл сигналдарына жақын жерде қан қысымын өлшемеңіз.



САҚ БОЛЫҢЫЗ Құрылғыны осы *пайдалану нұсқауларында* сипатталған ортада пайдаланыңыз. Әйтпесе құрылғының жұмысына нұқсан келтіресіз және оның қызмет ету мерзімін қысқартасыз.



САҚ БОЛЫҢЫЗ Құрылғы ақаулы болса, оны өзіңіз жөндеуге әрекеттенбеңіз. Жөндеу тек өкілетті қызмет көрсету орталықтарында жүргізіледі.



САҚ БОЛЫҢЫЗ Өндірушіге кез келген күтпеген операциялар немесе оқиғалар туралы хабарлаңыз.



САҚ БОЛЫҢЫЗ Бүкіл құрылғыны тазарту үшін жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Агрессивті немесе ұшпа тазартқыштарды пайдаланбаңыз. Осы *пайдалану нұсқауларында* келтірілген тазалау нұсқауларын қараңыз.



Ескертпе Бұл құрылғы киюге немесе ендіруге болатын электрондық құрылғыға немесе кардиостимулятор не дефибриллятор сияқты аспапқа қосылған кез келген адам үшін бағаланбаған.


Құрамы

Қорапта келесі элементтер бар:

- Қан қысымын өлшеуге арналған құрылғы
- Ересекке арналған манжет REUSE-11 (25–34 см)
- (4) AA сілтілі батареялар
- Айнымалы ток адаптері (қосымша)


Басқару блоктары мен индикаторлар

Құрылғының алдыңғы жағы



№	Функциясы	Сипаттамасы
1	FlexiPort қан қысымын өлшеуге арналған манжеті	Қан қысымын өлшеу үшін иыққа қолданылады
2	Қуат түймесі	Қан қысымын өлшеуге арналған құралдың қуатын қосып, қан қысымын өлшеуді іске қосады және тоқтатады
3	СҚД дисплейі	Қан қысымы көрсеткішін және оған қатысты басқа маңызды ақпаратты көрсетеді

Құрылғының артқы жағы




№	Функциясы	Сипаттамасы
1	Тұрақты ток қуатын қосу	Көмекші агрегаттың қуат сымымен (қосымша) пайдаланылғанда, құрылғыны қуат розеткасына жалғайды
2	Батарея бөлігі (артқы қақпақ)	4 AA сілтілі батареялар корпустары

Қуаттау нұсқалары




САҚ БОЛЫҢЫЗ Құрылғының тиімді өнімділігіне қол жеткізу және оны қорғау үшін тек дұрыс батареяларды немесе Welch Allyn компаниясы мақұлдаған қуат адаптерін пайдаланыңыз.

Құрылғы екі қуат көзінің біреуі арқылы қуатталады:

- 4 AA сілтілі батареялар
- Айнымалы ток адаптері (6 В  1 A) (қосымша)

Экран элементтері

Сұйық кристалды дисплейде (СКД) келесі ақпараттар көрсетіледі: систолалық қан қысымы (мм сын. бағ.), диастолалық қан қысымы (мм сын. бағ.), жүрек соғысының жиілігі (соққы/мин), қан қысымын өлшеу кезіндегі жүрек соғысы, шамадан тыс қозғалыс туралы ескерту, төтенше дабыл басымдылығы және батарея зарядының деңгейі.



Таңба

Сипаттамасы



Систолалық қан қысымының нәтижесі
мм сын. бағ. = қан қысымының өлшем бірлігі



Диастолалық қан қысымының нәтижесі
мм сын. бағ. = қан қысымының өлшем бірлігі



Минутына соққылардағы импульс






Жүрек соғысы
Құрылғы өлшеу кезінде жүрек соғысын тіркейді



Батареяның толық заряды индикаторы
Ағымдағы батарея зарядын көрсетеді



Батареяның төмен заряды индикаторы
Ағымдағы батарея зарядын көрсетеді

Таңба	Сипаттамасы
	Қозғалыс индикаторы Қозғалыс қате өлшемге әкелуі мүмкін.
	Ауқымнан тыс көрсеткіш SYS > 260 сын. бағ. немесе DIA > 220 сын. бағ.. Таңба экранның SYS немесе DIA аймағында пайда болуы мүмкін. Төтенше дабыл басымдығы = төмен (! белгісі экранның жоғарғы жағында пайда болады)
	Ауқымнан тыс көрсеткіш SYS < 50 сын. бағ. немесе DIA < 25 сын. бағ.. Таңба экранның SYS немесе DIA аймағында пайда болуы мүмкін. Төтенше дабыл басымдығы = төмен (! белгісі экранның жоғарғы жағында пайда болады)

Батареяларды салу немесе ауыстыру



ЕСКЕРТУ Жарақат алу қаупі. Батареяларды өртеуге болмайды. Батареялар ағып кетуі немесе жарылуы мүмкін.



САҚ БОЛЫҢЫЗ Құрылғы жиі пайдаланылмаса, батареяларды алып тастаңыз.




САҚ БОЛЫҢЫЗ Ескі батареяларды жергілікті қайта өңдеу нұсқауларына сәйкес қоқысқа тастаңыз.

АТ қуатын пайдаланбасаңыз, құрылғыны пайдалану алдында 4 AA сілтілі батареясын орнату қажет.

Келесі жағдайлардың бірі орын алса, батареяларды ауыстырыңыз:

- батарея зарядының индикаторы төмен зарядты көрсетеді;
 - дисплей өшіп қалды;
 - дисплей жанбайды.
1. Батарея қақпағын сырғытып алыңыз.
 2. Суретте көрсетілгендей полярлықты сақтай отырып, батареяларды орнатыңыз.



3. Қаппақты орнына қойыңыз.

Емделушіге қан қысымын өлшеуге арналған манжетті орналастыру

Инвазивті емес қан қысымын өлшемес бұрын, манжетті емделушіге дұрыс бекіту үшін келесі қадамдарды орындаңыз. Қан қысымын өлшеу туралы ақпарат алу үшін келесі сілтемедегі қан қысымы жөніндегі нұсқаулықтарды қараңыз: <https://www.welchallyn.com/probp2000>. Қан қысымының дәл көрсеткішін алу мақсатында қан қысымын өлшеуге арналған манжетті дұрыс орналастыру үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1. Манжетті жалаңаш қолға кигізіңіз.
2. Дұрыс өлшемді манжетті пайдаланыңыз. Манжеттің екі өлшемі сәйкес келсе, үлкенірек манжетті пайдаланыңыз.
3. Артерия маркерін иық артериясының үстіне қойыңыз.
4. Манжетті екі саусақ сиятыннан артық орын қалдырмай, мықтап кигізіңіз.
5. Манжетті кигізгеннен кейін, емделуші бес минут тыныш отыруы қажет.
6. Қан қысымын өлшеу кезінде емделушімен сөйлеспеніз.
7. Өлшеу кезінде емделуші аяғын жерге тигізіп, арқасын ұстап отырыңыз. Емделуші аяғын айқастырмай отыруы қажет.
8. Қолдың жоғарғы жағын жүрек деңгейінде және төменгі жағын бос ұстаңыз.
9. Өлшеу циклі кезінде қолды қозғалтпай ұстаңыз.

Техникалық қызмет көрсету

Құрылғыға техникалық қызмет көрсету

Құрылғы калибрлеуді қажет етпейді.

Құрылғының ең жақсы өнімділігіне қол жеткізу үшін техникалық қызмет көрсету бойынша төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- Құрылғыны тікелей күн сәулесінен алыс, құрғақ жерде сақтаңыз.
- Құрылғыны түсіріп алудан және селкілдетуден аулақ болыңыз.
- Құрылғыны шаңды және құбылмалы температура орталарында пайдалануға жол бермеңіз.

Тазалаудан және зарарсыздандырудан бұрын көрінетін топырақты кетіру қажет. Құрылғыны тазалау және зарарсыздандыру үшін The use of approved wipes (EPA немесе балама халықаралық ұйым) 70% изопропил спирті немесе 10% құрамында хлор бар ағартқыштан тұратын мақұлданған майлықтарды пайдалануға болады. Тиімді нәтижелер алу үшін майлық өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.

Тазалау



САҚ БОЛЫҢЫЗ Бүкіл құрылғыны тазарту үшін жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Кез келген абразивті тазартқыштарды пайдаланбаңыз.



САҚ БОЛЫҢЫЗ Төрттік аммонийі бар тазарту құралдарын пайдалану ұсынылмайды, өйткені олар пластиктің сынуына әкелуі мүмкін.

Құрылғыны қажет болған жағдайда ғана келесі сәйкес тазартқыш заттардың біреуімен тазалаңыз:

- 70%-дық изопропил спирті
- 10%-дық құрамында хлор бар ағартқыш/90%-дық су ерітіндісі (стандартты ағартқыш майлық)

Құрылғыны сақтау

Құрылғыны, қуат сымын және керек-жарақтарды сақтаған кезде, өнімнің техникалық сипаттамасында көрсетілген қоршаған ортада сақтау шарттарын орындаңыз.

Электрлік жабдықты қәдеге жарату



Осы өнім мен құрамдастарын жергілікті заңдар мен ережелерге сәйкес қәдеге жарату қажет. Осы өнімді сұрыпталмаған тұрмыстық қалдық ретінде қәдеге жаратпаңыз. Қәдеге жарату туралы нақты ақпаратты және талаптарға сәйкестікті www.welchallyn.com/weee сайтынан

қараңыз немесе Hillrom техникалық қолдау қызметі бөліміне: hillrom.com/en-us/about-us/locations/ хабарласыңыз.

Ақауларды жою

Бұл бөлімде қате туралы хабарлар мен қан қысымын өлшеуге арналған құрылғымен тап болатын мәселелер туралы жиі қойылатын сұрақтар тізімі берілген. Құрылғы ойдағыдай жұмыс істемесе, Hillrom техникалық қолдау қызметіне хабарласпас бұрын, келесі сілтемені тексеріңіз: hillrom.com/en-us/about-us/locations/.

Мәселелер мен қате туралы хабарлар

Құрылғы техникалық дабылдарды және төмен басымдықты физиологиялық дабылдарды ұсынады. Техникалық дабылдар құрылғымен байланысты қате орын алған кезде пайда болады. Физиологиялық дабылдар қан қысымын өлшеу белгіленген шектерден асып кеткен кезде пайда болады.



Техникалық дабыл

Мәселе	Белгісі	Негізгі себебі	Шешімі
Қуат жоқ	Дисплей жанбайды	Батареялардың заряды таусылды.	Жаңа батареялармен ауыстырыңыз
		Батареялар дұрыс салынбаған.	Батареяларды дұрыс салыңыз
		АТ адаптері дұрыс салынбаған.	АТ адаптерін бекітіп салыңыз
Заряды төмен батареялар	Дисплейде "BAT-LO" хабары көрсетіліп, 3 секундқа кідіріледі. Батарея белгішесі бос батареяны көрсетеді (жыпылықтамайды).	Батареялардың заряды төмен.	Жаңа батареялармен ауыстырыңыз
Қате туралы хабарлар	E 01 көрсетіледі	Манжет қауіпсіз емес.	Манжетті қайта реттеңіз, емделушіден бір сәтке демалуды сұраңыз, содан кейін қайтадан өлшеңіз
	E 02 көрсетіледі	Манжет өте тығыз	Манжетті қайтадан бекітіңіз, содан кейін қайтадан өлшеңіз
	E 03 көрсетіледі	Манжетте қысым тым көп.	Манжетті қайтадан бекітіңіз, содан кейін қайтадан өлшеңіз
	E 10 немесе E 11 көрсетіледі	Құрылғы өлшеу кезінде қозғалысты анықтады.	Манжетті қайта реттеңіз, емделушіден бір сәтке демалуды сұраңыз, содан кейін қайтадан өлшеңіз
	E 20 көрсетіледі	Өлшеу процесі импульстік сигналды анықтамайды	Емделуші қолындағы киімді босатыңыз, содан кейін қайтадан өлшеңіз

Мәселе	Белгісі	Негізгі себебі	Шешімі
	E 21 көрсетіледі	Өлшем дұрыс емес	Емделушіден бір сәтке демалуды сұраңыз, содан кейін қайтадан өлшеңіз

Қосымша көмек алу үшін Hillrom техникалық қолдау көрсету қызметіне барыңыз: hillrom.com/en-us/about-us/locations/.

Физиологиялық дабылдар

Белгісі	Негізгі себебі	Шешімі
	Ауқымнан тыс. SYS > 260 сын. бағ. немесе DIA > 220 сын. бағ.. Таңба экранның SYS немесе DIA аймағында пайда болуы мүмкін.	Power (Қуат) түймесін басып тұрыңыз. Қайтадан өлшеңіз. Егер мәселе шешілмесе, қосымша көмек алу үшін Hillrom техникалық қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз: hillrom.com/en-us/about-us/locations/ . Төтенше дабыл басымдығы = төмен
	Ауқымнан тыс. SYS < 50 сын. бағ. немесе DIA <25 сын. бағ.. Таңба экранның SYS немесе DIA аймағында пайда болуы мүмкін.	Power (Қуат) түймесін басып тұрыңыз. Қайтадан өлшеңіз. Егер мәселе шешілмесе, қосымша көмек алу үшін Hillrom техникалық қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз: hillrom.com/en-us/about-us/locations/ . Төтенше дабыл басымдығы = төмен

Техникалық сипаттамалары

Элемент	Сипаттамасы
Қуат көзі: батареядан қуатталатын режим	6VDC 4 AA батареялары
Қуат көзі: АТ адаптерінен қуатталатын режим	Кіріс: 100-240 В, 50-60 Гц, 400 мА Шығыс: 6 В, 1А
Қуат көзі модулінің нөмірі	UE08WCP-06100SPA
Дисплей режимі	Видео және аудионың сандық СК-дисплейі 68 мм x 90 мм
Өлшеу үлгісі	Осциллометриялық сынақ режимі
Өлшеу ауқымы	Манжеттегі номинал қысым: 0 мм сын. бағ.- 300 мм сын. бағ (0 кПа – 40 кПа) аралығында Өлшеу қысымы: систолалық қысым: 50 мм сын. бағ.- 260 мм сын. бағ диастолалық қысым: 25 мм сын. бағ.- 220 мм сын. бағ Импульс мәні: минутына (40-199 аралығында) соққы
Дәлдігі	Қысым: ± 0.4 кПа (3 мм сын. бағ.) Импульс мәні: $\pm 4\%$
Жұмыс ортасы	Температура: 5 °C – 40 °C аралығында Салыстырмалы ылғалдылық: $\leq 85\%$ RH Ауа қысымы: 86 кПа – 106 кПа аралығында
Сақтау және тасымалдау ортасы	Температура: -20 °C – 60 °C аралығында Салыстырмалы ылғалдылық: 10% RH – 93% RH Ауа қысымы: 50 кПа – 106 кПа аралығында
Иық айналымы	FlexiPort бөлшек нөмірі: типтік жалпақ = REUSE-11 Манжет өлшемі: 25 см – 34 см аралығында
Таза салмағы	Шамамен 283 г (күрғақ элементтерді есептемегенде)
Сыртқы өлшемдері	Шамамен 94 мм x 142 мм x 66 мм
Қорғау дәрежесі	BF қолданылатын бөлшек түрі

Элемент	Сипаттамасы
Судың кіруінен қорғау	IP22
Бағдарламалық жасақтамасы	A01 нұсқасы





Түрлендіргіш дәлдігінің сынағы

Қажетті құралдар, жабдық және керек-жарақтар


Түрлендіргіш дәлдігінің сынағын орындау үшін келесі құралдар және керек-жарақтар қажет:

- қайшы немесе басқа кескіш құрылғы
- 1/8 дюймді түтік идентификаторына арналған шлангі штуцерінің 4-жақты бір ұшайыры
- силиконды каучук түтік идентификаторының сыртқы диаметрі 1/4 дюйм (.25) және ішкі диаметрі 1/8 дюйм (.125) болатын минималды 32 дюймді
 - қол шамынан 4-жақты ұшайырға дейін шамамен 14 дюйм
 - сынақ көлемін жөндеуге арналған құралдан 4-жақты ұшайырға дейін шамамен 12 дюйм
 - қысым өлшегіш стимуляторынан 4-жақты ұшайырға дейін шамамен 6 дюйм


Түрлендіргіш дәлдігінің сынағын жүргізу үшін келесі жабдық қажет: (1) сынақ коллекторымен бірге сынақ көлемін жөндеуге арналған құрал, шам және клапан; (2) қысым өлшегіш симуляторы; (3) Flexiport коннекторы алынып тасталған құрылғы. Қосымша ақпарат алу үшін Hillrom техникалық қолдау қызметіне мына мекенжай бойынша хабарласыңыз: hillrom.com/en-us/about-us/locations/.

№	Элемент
1	<p>Сынақ көлемін жөндеуге арналған құрал</p> <p>(Welch Allyn BP сынақ көлемін жөндеуге арналған құрал 407672 немесе сынақ коллекторы, шам және клапан, шланг штуцерінің 4-жақты ұшайыры және сыртқы диаметрі 1/4 дюйм [.25] болатын силиконды каучук түтігі бар балама құрал)</p>   <p>Ескертпе Түрлендіргіш дәлдігінің сынағын жүргізу үшін төменде көрсетілген сынақ жабдығын қосыңыз. Коллекторды сынақ көлемін жөндеуге арналған құралға қосыңыз. Калибренген көлем 500 мл құрайды.</p>
2	<p>Қысым өлшегіш симуляторы (± 3 мм сын. бағ. дәлдігімен)</p> 
3	<p>Құрылғы</p> <p>(ProBP 2000 сандық BP құрылғысы)</p> 

1. Құрылғы түтігінің ұшынан Flexiport шланг фитингісін кесу үшін қайшы немесе басқа кескіш құрылғыны пайдаланыңыз.



2. Сынақ жабдығын орнатыңыз.



- a. Құрылғы түтігін 4-жақты ұшайырға қосыңыз.
 - b. Силиконды каучук түтікті 4-жақты ұшайырға және сынақ коллекторының 500 мл көлемді портына қосыңыз.
 - c. Қол шамын (сорып алу клапаны бар) силиконды каучук түтікке және 4-жақты ұшайырға қосыңыз.
 - d. Қысым өлшегіш симуляторын силиконды каучук түтікке және 4-жақты ұшайырға қосыңыз.
3. Егер қосымша айнымалы ток адаптері пайдаланылса, қуат көзін ProBP 2000 сандық BP құрылғысынан ажыратыңыз.
 4. Батарея бөлігінің қақпағын ашып, батареялардың біреуін алып тастаңыз.



Ескертпе Құрылғыдан бүкіл қуаттың шығарылғанына көз жеткізу үшін **Power** (Қуат) түймесін басыңыз.

5. Батареяны қайта орнату кезінде **Power** (Қуат) түймесін басып тұрыңыз.
6. Экранда *tEst* (сынақ) сөзі пайда болғанда, **Power** (Қуат) түймесін жіберіңіз.
7. **Power** (Қуат) түймесін 3 рет басыңыз.
Құрылғы ішкі режимге өткен кезде, түрлендіргіш дәлдігінің сынағын бастаңыз.
8. Қысым өлшегіш симуляторын қосып, қажет болса нөлге қойыңыз.
9. Қол шамын пайдаланып, құрылғыдағы қысымды 50 мм сын. бағ.± 3 мм сын.бағ. шамасына көтеріңіз және қысымның тұрақтануына 10 секунд уақыт беріңіз.
10. Қол шамын пайдаланып, құрылғыдағы қысымды 150 мм сын. бағ.± 3 мм сын.бағ. шамасына көтеріңіз және қысымның тұрақтануына 10 секунд уақыт беріңіз.
11. Қол шамын пайдаланып, құрылғыдағы қысымды 300 мм сын. бағ.± 3 мм сын.бағ. шамасына көтеріңіз және қысымның тұрақтануына 10 секунд уақыт беріңіз.

Егер құрылғы мен үлгі манометрдің арасындағы айырмашылық кез келген калибрлеу нүктесінде ±3 мм сын. бағ. плюс үлгі манометрдің аталған дәлдігінен асса, Welch Allyn компаниясына хабарласыңыз.

12. After the test completes, disassemble the test equipment and slide the end of the device tubing over the Flexiport hose fitting barb.
13. Батарея бөлігінің қақпағын ашып, құрылғы қуатын өшіру үшін батареялардың біреуін алып тастаңыз.



Ескертпе Құрылғыдан бүкіл қуаттың шығарылғанына көз жеткізу үшін **Power** (Қуат) түймесін басыңыз. Құрылғыны қалыпты режимде пайдалануды бастау үшін енді оның қуатын қосуға болады.

Сәйкес стандарттардың тізімі

Элемент	Стандарт
Қауіптерді басқару	ISO/EN 14971, медициналық құрылғылар — медициналық құрылғыларға қауіптерді басқаруды қолдану
Белгілеу	ISO/EN 15223-1, медициналық құрылғылар. Медициналық құрылғы белгілерімен, белгілеуімен және берілетін ақпаратпен бірге пайдаланылатын таңбалар. Жалпы талаптар
Пайдаланушы нұсқаулығы	EN 1041, ақпарат беруге арналған медициналық жабдық өндірушілері
Жалпы қауіпсіздік бойынша талаптар	IEC 60601-1+A1, медициналық электр жабдығы – 1-бөлім: негізгі қауіпсіздік пен негізгі функционалдық сипаттамаларына қойылатын жалпы талаптар
